БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 203 (9265) | 1953 жылғы 6 октябрь Сейсенбі | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйын.

Кәзіргі басты міндет—партия мен үкметтің тапсырмаларын орындау жөнінде күшті ұйымдастырушылық жұмысын өрістету, мал шаруашылығын өркендетудің шұғыл міндеттерінің практика жүзінде орындалып отыруын қамтамасыз ету болып табылады. Жергілікті партия, совет және ауылшаруашылық органдары, ауыл шаруашылығының барлық қызметкерлері кәзір нақ осыған күш жұмсауға тиіс.

Қоғамдық мал шаруашылығын өркендете берейік

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» және ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің «Елімізде мал шаруашылығын онан әрі өркендету және колхозшылар, жұмысшылар мен қызметшілер шаруашылықтарының мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін міндетті тапсыру нормаларын кеміту шаралары туралы» қаулылары социалистік ауыл шаруашылығының негізгі бір саласы — мал шаруашылығын мықтап өркендетудің нақтылы шараларын белгілеп берді. Бұл қаулыларды облысымыздың еңбекшілері аса зор қанағаттанғандықпен және қуанышпен қарсы алды.

Сентябрь Пленумының қаулысында көрсетілгеніндей, мал шаруашылығын, еңалдымен қоғамдық мал шаруашылығын өте тез өркендетудің елімізі үшін тұрмыстық зор маңызы бар. Қоғамдық мал шаруашылығының барлық саласын бірдей өркендету кәзіргі уақытта партия, совет ұйымдарының ауыл шаруашылығындағы ең шұғыл міндеті болып табылады. Сентябрь Пленумының қаулысына сәйкес ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитеті малдың санын көбейту, оның өнімділігін арттыру, атап айтқанда, сиыр малының, қой-ешкінің, шошқаның, құстың санын көбейту, сондай-ақ сүт саууды, жүн қыркуды, мал бордақылауды арттыру жөнінде тапсырмалар тағайындады.

Бұл қаулыларда көрсетілген тапсырмаларды мүлтіксіз жүзеге асыру —мал шаруашылығын өркендетуде алға басқан ірі қадам болып саналады. Демек, халқымыздың мал шаруашылығы өнімдеріне, жеңіл өнеркәсіптің шикізатқа деген өскелең талабын барынша толық өтеуге мүмкіншілік туғызады. Сондықтан да кәзір мал шаруашылығының барлық саласына партия, совет ұйымдарының басшылығын мейлінше жақсарту ісіне ерекше назар аударылуы керек.

Біздің облыстың колхоздары мен совхоздарында мал шаруашылығын мықтап өркендетуге қажетті мүмкіншіліктің барлығы да бар. Бірақ, бұл шаруашылыққа қолда бар мүмкіншілік толық пайдаланылмай келеді. Алдымен мал шаруашылығы[illegible] Соколов, Октябрь және Ленин аудандарының бірсыпыра колхоздары жемшөп дайындау жоспарын жартылай та орындаған жоқ. Бұл аудандарда сабанды, топанды жыйнау, шөп сүрлеу жұмыстарының барысы өте қанағаттантысыз. Ленин ауданының Калинин атындағы, «Бірлік», «Еңбек» колхоздарында шөп шабу жоспары толық орындалмаса да, сабан мен топанды жыйнау ісі бетімен жіберілген. Көп сабан мен топан етін орнында шашылып қалған. Мал азығының мұндай түрлерінің ысырап болуына аталған колхоздардың басшылары қынжылмайтын көрінеді.

Мал шаруашылығын өркендетудегі жағдайдың нашар болып отырғандығының тағы бір себебі —қоғамдық малдың жайлы қоралармен қамтамасыз етілмей келе жатқандығы. Үстіміздегі жылы мал қораларын жаңадан салу жұмыстары уәзақа созылып келеді. Мал қораларын жаңадан салу жөніндегі тапсырма бірде-бір ауданда толық орындалмай отыр. Мұның өзі мал шаруашылығында еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру міндетін табысты жүргізуге мүмкіншілік бермей келеді. Бұрын салынған қораларды жөндеу, оларды мал қыйынан тазарту, дезинфекциялау жұмыстарының барысы да баяу. Бұған бірнеше мысалдар келтіруге болады.

Молотов атындағы колхозда (Ленин ауданы) быйыл 7 қора жөндеуден өткізілуге тиіс еді, осыдан 4 қораның жөндеу жұмысы толық аяқталды. Бәскалары әлі ашық -тесік күйінде тұр. Осы колхоздың Кіндікті участогіндегі 3 қорасы мал қыйынан әлі тазартылған жоқ. Колхоз председателі Я. Лобач пен партия ұйымының секретары П. Лунев жолдастар бұл кемшіліктерді біле тұра, оны жою жөнінде ешқандай шара қолданбай келеді.

Октябрь ауданындағы Жамбыл атындағы колхозда да істің жағдайы осы сыяқты. Бұл колхозда сыйыр қораларын жөндеу жұмысы аяқталған жоқ. Дайындалған шөптің кешілігі мал қораларының жанына тасылмай, далада тұр. Сәйте тұрса да, колхоз басшылары құрылыс бригадаларын және шөп тасушылардың еңбегін дұрыс ұйымдастыра алмай, олардың жұмысына нақтылы басшылық етпей келеді.

Жоғарыда мал қыстату маусымының [illegible]

Колхоздың қоғамдық шаруашылығын өркендетіп, табысын молайта береміз

☆

Н. НОСКО,
Октябрь ауданы, «Щит» колхозының председателі.

☆

Совет Одағы Коммунистік партиясының XIX съезінің қарарлары колхоздардың қоғамдық шаруашылығын нығайтудың, колхозшылардың мәдениетін және тұрмыс дәрежесін арттырудың айбынды программасы болып табылады. Біздің колхоздың колхозшылары өздерінің барлық күш-жігерін бұл тарихи қарарларды жүзеге асыруға жұмыдырып отыр. Соңғы жылдары колхозда егіс көлемі ұлғайып, одан алынатын өнім молая түсті. Қоғамдық мал шаруашылығы өркендеді, оның өнімділігі де артты. Осы негізгі екі саланың өркендеуі колхоздың табысын молайтып, колхозшылардың әл-ауқат дәрежесін барған сайын жақсарта түсуде.

ЕГІНШІЛІК МӘДЕНИЕТІ АРТА БЕРЕДІ

Соңғы жылдары колхозда егіншіліктің мәдениеті едәуір артты. Колхозшылар мен механизаторлар жер өңдеуді жақсартып, ауылшаруашылық дақылдарын егу, күту және жыйнау жұмыстарының мерзімін бұрынғыдан едәуір қысқартты. Егіншілік саласында ғылым жетістіктері мен озат тәжрибе батыл қолданылуда. Соңғы 2—3 жылдың ішінде колхозда егіс жұмыстары негізінен механика күшімен атқарылуда. Осының барлығы егін шаруашылығын өркендетуге зор мүмкіншіліктер туғызуда.

1952 жылы колхозда дәнді және майлы дақылдар егісінің көлемі 4202 гектар болса, быйыл 5473 гектарға жетті. Бір жылдың ішінде жалпы егіс көлемін 1271 гектарға дейін ұлғайттық. Бұл әрине, аз жұмыс емес. Ол үшін біз алдын-ала жоспардан тыс 1 мың центнерден артық тұқым дайындап алған болатынбыз. Көктемгі дала жұмыстары кезінде тракторлардың қуатын өнімді пайдалану міндеті ойдағыдай жүзеге асырылды. Осының нәтижесінде біз 25 жұмыс күні ішінде егіс жұмыстарының жоспарлы тапсырмаларын абройлмен орындап шықтық.

Колхозда егін жыйнау маусымы жоспарда көрсетілген мерзімде аяқталды. Өткен жылғымен салыстырғанда бізде алынған өнім орта есеппен әрбір гектар бойынша 3 центнерден артық болды. Я. Мариенко жолдас басқарған № 1 егіс бригадасы мен П. Зиненко жолдастың басқарған трактор отрядының мүшелері жұмысты ынтымақтаса істеп, егіннен тұрақты және мол өнім көрсетіп келеді. Сондықтан келесі жылы егістің барлық көлемінен мол өнім алу үшін быйыл пар мен зябыті мол дайындауды ерте күннен қолға алдық. Кәзіргі уақытта 1400 гектар қара пар және 1000 гектар зябь дайындалды. Әлі де 3 мың гектардан артық зябь жыртамыз. Бұл жұмыста кәзіргі күнде 10 шынжыр табанды трактор тәулік бойы тоқтаусыз жұмыс істеуде.

Егіннен мол өнім алудың тағы бір негізгі шарты —жерге сортты әрі шығымдылығы жоғары тұқым себу. Бұл іске де ерекше көңіл бөлудеміз. Кәзірдің өзінде 5767 центнер жаздық бидайды, 544 центнер сұлының, 400 центнер арпа мен майлы дақылдардың, көпжылдық екпе шөптердің сапалы тұқымын әзірлеп алдық. Жоспардан тыс барлығы 1167 центнер тұқым дайындалды. Өйткені, біз келесі жылы жоспардан тыс жүздеген гектар егіс екпекпіз.

Дәнді дақылдар егісінің барлық көлемінен келесі жылы орта есеппен 14—15 центнерден өнім алу—біздің кәзіргі егін шаруашылығы жөнінде алға қойып отырған міндетіміз, міне, осы.

МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ — ТАБЫСТЫ САЛА

Колхоз өндірісінің негізгі салаларының бірі—мал шаруашылығы болып табылады. Колхозда бір жылда жұмсалған барлық еңбеккүннің 30—40 процанті мал шаруашылығында жұмыс істейтіндерге беріледі. Колхозда, әсресе, мал шаруашылығынан түскен ақшадай табыс жылдан-жылға көбейе түсуде.

Біздің өткен жылдағыдан сыйыр малы—112, жылқы—115, қой-ешкі—120, шошқа 163 бас артты. Мұнымен бірге, мал шаруашылығының өнімдері де жыл сайын молаюда.

Өткен жылдары мал шаруашылығының өнімі мүлдем кем болатын. Жылына әрбір сауын сыйырдан 1.000 литрден [illegible] әрбір қойдан біржарым-екі кило[illegible]

Қоғамдық мал шаруашылығын өркендетудің негізгі бір шарты—малдарды құнарлы азықпен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз ету. Бірақ, біздің колхозда өткен жылдары мал азығы жеткілікті мөлшерде дайындалмады. Шөп шабуда жайбарақаттыққа жол берілін келді. Мұның ақыры қыстың аяқ кезінде мал азығының таршылығына, малдардың қоңының төмендеуіне және олардан алынатын өнімнің едәуір азаюына әкелін сокты.

Осы кемшіліктерді жою мақсатымен быйыл жемшөп қорын дайындауды үлгілі ұйымдастырдық. Кәзірдің өзінде 30 мың центнерге жуық шөп дайындалды. Бұдан басқа 1580 центнер шөп сүрленді. Егінің сабанын маялау жұмысы қызу жүргізілуде. Мал азығын дайындауды әлі тоқтатқанымыз жоқ. Колхозда шөп шабатын 4 кеңалымды машина үздіксіз жұмыс істеп жүр. Мал қоралары қасына шөп тасыйтын арнаулы бригада жұмыс істейді.

Мал шаруашылығын өркендете түсуіміз колхоздың табысын көбейтуде. Өткен жылы мал шаруашылығынан түскен ақшадай табыс 214 мың сомға жетті. Быйылғы жылы мал шаруашылығынан түсетін ақшадай табысты кемінде 300 мың сомға жеткізу көзделіп отыр. Ал, келесі жылы мал шаруашылығының табысы 1952 жылғыдан екі есе көбейтіледі.

КОЛХОЗШЫЛАРДЫҢ ТҰРМЫСЫ ЖАҚСАРА ТҮСУДЕ

Партиямыз бен Үкметіміз колхозшы шаруалардың мәдениет және тұрмыс дәрежесін барған сайын жақсарта беруге күнбе- күн қамқорлық жасап келеді. Соның нәтижесінде біздің колхоздың колхозшыларының да тұрмысы және мәдениеті жақсаруда.

Өткен жылы колхозшылардың әрбір еңбеккүніне 2 килограмнан астық, 0,5 сомнан ақша берілсе, быйыл 5 килограмнан астық, біржарым сомнан ақша берілді.

Шопан М. Трусан жолдас алғашқы аванстың өзінде 234 пут, сауыншы М. Бодня 210 пут, комбайншы Таранко 215 пут, тракторшы Мединский 168 пут астық алды.

Біздің колхоздың колхозшыларының әрқайсысының жеке меншігінде малдары, құстары, үйлері бар.

[illegible] мәдениетті селолар-

Мал шаруашылығы

Мал тұқымын асылдандыру— маңызды іс

СОКП Орталық Комитеті Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысында қоғамдық мал тұқымын асылдандыру, осы арқылы мал шаруашылығы өнімдерін еселеп молайту міндеттері қойылды. Облысымызда бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін қажетті мүмкіншіліктердің барлығы да жеткілікті. Асыл тұқымды малды өсіретін совхоздар мен госплемрассадниктер бар. Бұлар жыл сайын асыл тұқымды бұқаларды, қошқарларды көптеп өсіріп, колхоздарға сатып отыруға, сөйтіп, облыста мал тұқымын асылдандыру ісіне келелі үлес қосуға тиіс.

Алайда, мал тұқымын асылдандыру шын мәнінде дұрыс ұйымдастырылмай келеді. Әсресе, колхоздарда малдың тұқымын асылдандыру қанағаттанғысыз. Бұл неліктен? Ол кейбір асыл тұқымды мал өсіретін совхоздардың басшыларының іске немқұрайды қарауларынан болып отыр. Мәселен, жыл басынан Чистов совхозы (директоры Өлжонов жолдас) бірде- бір асыл тұқымды малды колхоздарға сатқан жоқ. Қызылөскер қой совхозы жөнінде де осыны айтуға болады. Бұл совхоз өткен жылы колхоздарға 400 асыл тұқымды қошқарлар сатудың орнына, 151 қошқар ғана сатты. Мұнда асыл тұқымды қошқарларды көптеп дайындауға қажетті мүмкіншіліктің барлығы да бар. Мәселе сол мүмкіншіліктердің толық пайдаланылмауында болып отыр.

Осы сыяқты, госплемрассадниктердің қамтуындағы колхоздардың фермаларында да асыл тұқымды малдарды өсіруде елеулі кемшіліктер орын алып келеді. Мәселен, Булаев госплемрассадникі өткен жылы колхоздарға 310 қошқар кем берді. Үстіміздегі жылы да 400 қошқардың орнына, небары 235 қошқар ғана сатты.

Облысымызда асыл тұқымды малды көптеп өсіруде кемшіліктің орын алуына тағы бір себеп —өнімді мол беретін бұқалар мен қошқарлардың күтімі нашар болуы. Көп жерлерде бұқалар мен қошқарлар құнарлы азықпен азықтандырылмайды. Әсресе, қыстың күндері олардың қоңды болуына жағдай туғызылмайды. Асыл тұқымды бұқалар мен қошқарлар мал шаңылыстыру маусымына күні бұрын әзірленбейді. Оларды қолда бағып, семірту,

ның мәдениетін көтеру [illegible] емес. Мал шаруашылығына ғылымның, озат тәжрибенің жетістіктері кеңінен енгізілмей келеді. Фермалардағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландырудың жайы бүгінгі күннің талабына жауап бермей отыр.

Малды бағын күту ісін жақсарту, оны құнарлы азықпен, жайлы қоралармен қамтамасыз ету, мал шағылыстыру науқанын деркезінде өткізу, мал тұқымын асылдандыру міндетін үлгілі орындау, міне, мұның барлығы малдың санын көбейтіп, оның өнімділігін арттырудың басты шарты. Алайда, облыстың бірқатар колхоздары мен МТС- терінің және совхоздарының басшылары бұл негізгі мәселелерге жеткілікті көңіл бөлмей келеді. Тек осының салдарынан соңғы жылдары облыста мал шаруашылығын өркендету жөніндегі тапсырмалар жыл сайын орындалмай жүр.

Істің жайы осылай бола тұрса да, облыстың көп колхоздары мен совхоздарында мал шаруашылығын өркендету жолындағы күрес әлі күнге ойдағыдай болмай келеді. Бүгінге дейін барлық түлікті өсіру жөнінде мемлекеттік жылдық тапсырмаларды орындаған бірде-бір ауданның болмай отыруы осыны дәлелдейді. Тек Конюхов ауданы ғана екі түліктен: жылқы мен қой өсіру жөнінде жылдық тапсырманы орындап шықты. Ал, облыстың тұтас алғанда бар болғаны 65 колхоз қой өсірудің, 1 колхоз сиыр малын өсірудің, 68 колхоз құс өсірудің, 181 колхоз жылқы өсірудің жылдық тапсырмаларын орындады. Бірде-бір колхоз шошқа өсіру жоспарын орындаған жоқ.

Мал шаруашылығын өркендету ісінде мал қыстатуға барлық жағынан тыңғылықты әзірленудің зор маңызы бар. Мал қыстату маусымының басталуына да көп уақыт қалған жоқ. Дегенмен, облыстың бірқатар колхоздары мен совхоздарында мал қыстатуға әзірлік қызу қарқынмен жүргізілмей келеді. Бұл жөнінде жекелеген колхоздардың тіпті артта қалып қойғандығын жасыруға болмайды. Мәселен, Мұның өзі барлық колхоздар мен МТС-тердің және совхоздардың басшыларынан мал қыстатуға әзірлікті барлық жағынан тыңғылықты аяқтауды талап етеді. Сондай-ақ бұл жұмысқа аудандық партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындарының нақтылы басшылық етуін керек қылады. Өйткені, мал шаруашылығын өркендету жөнінде партия мен үкметіміздің алға қойып отырған ұлы міндеттерін орындау, көбінесе, мал қыстатуға үлгілі әзірленуге, қыстан малды әрі күйлі, әрі аман алып шығуға, төл алу науқанына жақсы әзірленіп, малды өз төлі есебінен өсіре білуге тікелей байланысты. Міне, сондықтан да көзір барлық күш-мүмкіншілік мал қыстатуға әзірлікті тыңғылықты аяқтауға жұмылдырылуы керек.

Октябрь айы —мал қыстатуға әзірлікті жүргізудің шешуші айы. Бұл айда бірде-бір күнді босқа өткізуге болмайды. Мал азығын дайындаушылар, мал қораларын салушылар және жөндеушілер арасында социалистік жарыстың кеңінен өрістете отырып, барлық түліктің құнарлы азықпен, жайлы қорамен жабдықталуына жетісу қажет. Ал, бұл істе коммунистер мен комсомолецтер алдыңғы сапта болуға тиіс. Үгітшілер өздерінің жалынды үгітімен, қажырлы еңбегімен басқаларға үлгі көрсетуге міндетті. Олар ғылымның және озат тәжрибенің жетістіктерін мал өсірушілер арасында жете насихаттап, оны мал шаруашылығына кеңінен енгізе білулері керек.

Көзіргі басты міндет—мал шаруашылығын өркендету жөнінде партия мен үкметіміздің алға қойған айбынды міндеттерін мінсіз жүзеге асыру. Ол үшін мал шаруашылығына партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындарының басшылығын жақсарту. Сөйтіп, халқымыздың мал шаруашылығы өнімдеріне деген, жеңіл өнеркәсіптің шикізатқа деген өскелең талабын қамтамасыз ету күресіне келелі үлес қосу.

Хром-Тау кеншілерінің еңбектегі табысы

ХРОМ-ТАУ. (Ақтөбе облысы). (ҚазТАГ). Дон руда басқармасы хромит рудасының жылдық жоспардан тыс шығарылған 30-шы эшелонын жөнелтті.

Хром-Тау кеншілерінің жылдық тапсырмаға қосымша өнім шығара бастағанына бір ай болды. Социалистік жарыстың, озат еңбек әдістерін енгізудің, технологиялық тәртіпті қатал сақтаудың нәтижесінде жұмысшылардың еңбек өнімділігі жоспардағыдан 39 процент артты. Өнімнің өзіндік құны 800 мың сом дерлік кемітілді.

Кеншілер Ұлы Октябрьдің 36 жылдығы құрметіне еңбек вахтасына тұрып, еңбек қарқынын арттыра түсуде. Экскаватор машинисі Павел Стоян келесі жыл есебіне руда бере бастады. Бұрғылаушылардың барлығы да жылдық тапсырмасын орындады. Паровоз машинистерінің арасында нормаларын 145-150 проценнтен орындап жүрген Бойченко, Жураковский, Переверзева жолдастар алда келеді.

СЕЛОЛАР МЕН АУЫЛДАРДЫ ТЕЛЕФОНДАНДЫРУ

ҚЫЗЫЛОРДА. (ҚазТАГ). Арал қарақұмындағы Жданов атындағы колхозды аудан және облыс орталықтарымен байланыстырған жаңа телефон желісі іске қосылды. Тереңөзек ауданының Бесөзек ауыл советінде жаңа телефон желісінің құрылысы аяқталды. Көзір ауданның барлық колхоздарында телефон байланысы бар.

Шиелі және Жалағаш аудандарындағы елді пунктердің бәрі телефондандырылды. Республикада күріш өсіретін ең ірі колхоз — Шиелі ауданының «Авангард» ауылшаруашылық артелінде комутатор орнатылды. Колхоз ішіндегі байланыс үшін жартылай автомат телефон станцияларын орнатуға Кармақшы ауданының «Третий Интернационал» ауылшаруашылық артелінен, Қазалы қой совхозынан және басқа көптеген шаруашылықтардан заказ түсті.

Жыл аяғына дейін облыста тағыда бірнеше телефон жүйелерін салу белгіленді.

алудың тамаша үлгісін көрсетіп, бұл бригаданың коллективі егіннің әрбір гектарынан 16 центнерден өнім жыйнады.

Бұл фактінің өзі біздің колхоздың бүкіл егіс көлемінен мол өнім алуға толық мүмкіншілік бар екенін дәлелдейді. Бірақ, біз барлық егін алаңынан тұрақты және мол өнім алуға әлі де жетісе алмай келеміз. Оның басты себебі—өткен жылы пар мен зябытің жеткілікті мөлшерде дайындалмауында болып отыр. Өткен жылы пар, зябь жырту жоспары орындалмады. Сондықтан быйылғы көктемде 2 мың гектардан астам жерді көктемде жыртып, егіс егуге тура келді. Мұның өзі егіннен мол өнім алуға кері әсірінше әсер етпей қойған жоқ.

Егіс көлемінің ұлғаюы және одан алынатын өнімнің молаюы колхозда егіншіліктен түсетін табыстың артуының негізгі кезі. Өткен жылға қарағанда, быйыл колхозда егін шаруашылығынан ақшадай түскен табыстың 100 мың сомға жуық көбеюі буған айқын дәлел бола алады. Мұның үстіне огород егістерінен колхозға едәуір мөлшерде табыс келтірілді.

Колхозда шөптанапты ауыспалы егіс негізінен игерілді. Бұл егіннің шығымдылығын арттырып қана қоймай, қоғамдық мал шаруашылығы үшін жемшөптің берік қорын жасауға жағдай туғызады. Соңғы жылдары біз біржылдық және көпжылдық екпе шөптерді егуге жеткілікті көңіл бөлудеміз. Әрсесе, соңғы жылы бұл шөптердің көлемі бірнеше есе көбейді. Өткен жылы небары 110 гектар бидайық, 13 гектар беде шөптерін ексек, быйыл 874 гектар бидайық, 109 гектар беде шөптері егілді. Мұның өзі қоғамдық мал үшін мыңдаған центнер құнарлы азық дайындауға мүмкіндік береді.

СОКП Орталық Комитеті Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысында көрсетілгеніндей, дәнді дақылдардың шығымдылығын еселеп арттырудың маңызды шарттарының бірі —көктемгі егіс жұмыстарын қысқа мерзімде агротехникалық ережелерге сай өткізу болып табылатындығын жылма-жылғы іс тәжрибеміз айқын грамнан таза жүн алынатын.

Соңғы 2—3 жылдың ішінде колхоз мал өсірушілері мал шаруашылығы өнімдерін арттыруды өздерінің алдына ең басты міндет етіп қойып, істің бұл саласында айтарлықтай табысқа ие болды. 1952 жылы колхозда әрбір сауын сыйырдан орта есеппен 1264 литрден сүт алынса, быйыл 9 айдың ішінде әрбір сыйырдан 1400 литрге жуық сүт алынып отыр.

Жекелеген сауыншылар бұдан да зор табыстарға жетуде. Сауыншы М. Бодня жолдас көзірдің өзінде қарамағындағы әрбір сауын сыйырдан 1800 литрден сүт алынуын қамтамасыз етті. Осы сыяқты Е. Плаксивая жолдас та әрбір сауын сыйырдан 1780 литрден сүт алды. Бұл фактінің өзі әлі де болса, біздің колхозда сыйырлардан сүт алуды көбейту мүмкіншіліктерінің мол екендігін дәлелдейді.

Өткен жылы орта есеппен әрбір қойдан 1 килограмм 960 грамнан жүн алсақ, быйыл 2 килограмм 800 грамнан жүн алынды. Бұл —қой шаруашылығына жете көңіл бөлінудің, қойларды бағып, күту ісінің дұрыс жолға қойылуының, мал өсірушілердің қой шаруашылығын өркендетудегі жауапкершіліктерінің арта түсуінің нәтижесі.

Колхоз, мал шаруашылығы өнімдерін арттыру арқылы мемлекетке ет, сүт, жүн тапсыру жөніндегі міндеттемелерді жыл сайын мерзімінен бұрын толық орындап келеді. Көзірдің өзінде колхоз мемлекетке сүт тапсыру жоспарын толық орындап отыр. Бұл күндері колхоз мемлекетке сүт, май және басқа мал шаруашылығы өнімдерін сатуда.

Соңғы жылдары малдың тұқымын асылдандыру мәселесіне жете көңіл бөлудеміз. Осы мақсатпен асыл тұқымды төрт бұқа, бір айғыр, 32 қошқар және көптеген сыйырлар сатып алдық.

Мал өсірушілердің алдында тұрған міндет —алдағы 2-3 жылдың ішінде малдардың тұқымын негізінен асылдандыру, малдың санын көбейтіп, одан алынатын өнімді молайту.

дың бірінен санналады. Бұл колхоздың қоғамдық шаруашылығының жылдан-жылға нығая түскенін дәлелдейді. Колхозда 500 адам сыятын клуб, орта мектеп бар. Мектепте колхозшылардың 250-ден астам балалары оқып, білім алуда. Балалар жеті жұмыс істейді. Әрбір колхозшының үйіне радио орнатылған. Сол сыяқты, монша, медициналық және малдәрігерлік пункттер, дүкен, диірмен, электр станциясы бар. Осылардың барлығы колхозшыларды мәдениетті қамтуда. Оқу үйінің кітап қоры 4 мың дайдан асады. Колхозшылар оқу үйіне келіп, кітаптарды, газет, журналдарды үзбей оқып тұрады.

Колхоз партия ұйымы колхозшылар арасында үгіт-бұқаралық жұмысын кеңінен өрістетуде. Құрамында 20 үгітшісі бар үгіт коллективі колхозшылар арасындағы үгіт-бұқаралық жұмысын колхоз өмірімен тығыз ұштастыра жүргізеді. Сөйтіп, колхозшы шаруаларды қажырлы еңбек етуге жігерлендіріп отырады.

* * *

Біз көзір қоғамдық шаруашылықты өркендетуде кейбір табыстарға ие болып отырмыз. Алайда, бұл жеткіліксіз. СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысы бізді колхоздың қоғамдық шаруашылығын нығайту жөнінде бұдан да зор табысқа жетуге міндеттейді. Біздің егін шаруашылығының өнімділігін арттыруда, мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімділігін молайтуда, колхозшылардың әл-ауқат дәрежесін жақсартуда көптеген мүмкіншіліктер әлі де толық пайдаланылмай келеді. Мәселе осы мүмкіншіліктерді толық пайдалана білуде, сөйтіп, партия алға қойған міндеттерді мінсіз орындап шығуда болып отыр.

Біздің колхоздың колхозшылары ауыл шаруашылығын өркендетудегі жаңа табыстарға жету жолында қажырлылықпен еңбек ете береді.



Октябрь ауданы, «Путь к коммунизму» колхозының звеношысы Қ. Есенова облысымыздың белгілі овощь өсіруші бақшашысы Трофим Макарович Батеханың басшылығымен 15 гектар алаңға қарбыз егіп, оның әрбір гектарынан 200 центнерден өнім алуға жетісті.

Есенова жолдас өсірген қарбыздар көзір аудан орталығында және көршілес ауылдар мен селоларда сатылуда.

СУРЕТТЕ: 1. Қ. Есенова жолдас басқарған звеноның қарбыз жыйнап жүрген кезі, алдыңғы қатарда —звеношы Қ. Есенова жолдас. 2. Овощь өсіруші Трофим Макарович Батеханың қарбыздарды іріктеп тұрған кезі.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Жекелеген колхоздардың басшылары асыл тұқымды бұқалар мен қошқарларды сатып алуға жеткілікті мөн бермей келеді. Мамлют ауданының колхоздары Мамлют асыл тұқымды мал совхозынан әлі күнге дейін 13 «элитті» бұқаларын сатып алмай отыр.

Колхоздардың фермаларын асыл тұқымды бұқалармен, қошқарлармен қамтамасыз ету ісі аудандық ауылшаруашылығы және дайындау бөлімдерінің қызметкерлеріне міндеттелген-ді. Бірақ, олар осы уақытқа дейін бұл іса маңызды іске жете көңіл бөлмей, колхоздарға нақтылы көмек көрсетпей жүр.

Кейбір колхоздардың басшылары асыл тұқымды қошқарларды күту ісін тыңғылықты ұйымдастыру орнына, олардың шығын болуына жол беріп келеді. Мәселен, Ленин ауданындағы Молотов атындағы колхозда (председателі Лобач жолдас) быйыл сатып алынған екі асыл тұқымды қошқар орынсыз жұмсалған

ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің мал шаруашылығын онан әрі өркендету жөніндегі қаулысын мүлтіксіз орындау үшін еңалдымен мал тұқымын асылдандыру проблемасын шешу керек. Сонда ғана колхоздар мен совхоздарда өнімді мол беретін малды көптеп өсіруге жетісеміз.

Б. БАЗАРБАЕВ,

Облыстық мал шаруашылығы конторының бастығы.

ТЫҢҒЫЛЫҚТЫ ӘЗІРЛІК

Қоғамдық малға берік жемшөп қорын жасау жөнінде Молотов атындағы ауылшаруашылық артелінің (Конюхов ауданы) мүшелері айтарлықтай жұмыс істеді. Артель қысқа қажетті мал азығын жеткілікті мөлшерде дайындап алды. Артельде мал азығын дайындау жоспары артығымен орындалып, бұл жұмыс әлі де еселенген қарқынмен жүргізілуде. Шөп шабуға екі трактор агрегаты қосылған.

Шабылған шөп жыйналып, деркезінде мал қораларына тасылады. Көзір 14 мың центнерден астам шөп тасылып алынды. Шөп тасуда Н. Ужба, М. Анаров, А. Мартузаев жолдастар үздік еңбек етуде. Артельде шөп шабумен қатар, сабан мен топанды жыйнап, маялауға жеткілікті көңіл бөлінуде. Көзір 1500 центнер сабан мен топан маяланды.

Артельдің малдары күйлі, әрі семіз. Малдан алынатын өнімдердің сапасы да жақсарып, мөлшері арта түсуде. Мемлекетке ет, сүт, жүн тапсыру жоспарын артель мерзімінен бұрын орындады. Өткен жылы артель мемлекетке биязы жүн тапсырып, жүннен түскен ақшадай табысқа «ГАЗ—51» автомашинасын сатып алған еді. Быйыл да колхоз кассасына мемлекетке биязы жүн тапсырудан мыңдаған сом ақша түсті.

Артель мүшелері мал шаруашылығында қол жеткен табыстарды баянды ету үшін бұдан былай да қажырлы күрес жүргізе береді.

Б. ЖАҚЫПОВ.

ҚАРАҚОҒА. (Өз тілшіміз).

Халықтар достығы—совет мемлекетінің қуаттылығының негіздерінің негізі

☆
И. ХЛЯБИЧ.
☆

Біздің Отанымыз 60-қа жуық ұлттарды, ұлт топтары мен халықтарды біріктіріп отыр. Социалистік ұлттардың арасында туысқандық ынтымақ орнап, өзара көмектесуі совет мемлекетінің аса ұлы табысы болып табылады. ССРО халықтарының социализм жеңісі нәтижесінде берік орнықкан мызғымас достығы қатал сындардан өтіп, советтік құрылыстың күші мен беріктілігінің қуатты қайнар бұлағына айналды.

Коммунистік партия өзінің өмір сүрген алғашқы күндерінен бастап барлық еңбекшілерді, олардың нәсілдік немесе ұлттық айырмашылықтарына қарамастан, капитализмге қарсы күресу үшін топтастыру жөнінде тынбастан жұмыс жүргізіп келді.

Біздің партияның ұйымдастырушысы және көсемі ұлы Ленин 1903 жылдың өзінде РСДЖП-ның екінші съезінде, бундшылар мен поляк социал-демократтарының қарсы болғанына қарамастан, Россиядағы түпкіл марксистік партияның программасына ұлттардың өзін-өзі билеу правосы туралы пункт енгіздірді. Ленин ұлттық және нәсілдік айырмашылықтарына қарамастан барлық еңбекшілердің мүдделерінің ортақ болуына негізделген пролетарлық интернационализм принципін әрқашан да жақтап отырды.

Тек дұрыс ұлт саясатының нәтижесінде ғана партия 1917 жылғы октябрьде Россияның барлық ұлттарын буржуазияға қарсы шабуыл жасауға аттандыра алды.

Коммунистік партия өзінің бүкіл қаһармандық тарихында еліміздің халықтарын пролетарлық интернационализм және басқа елдердің еңбекшілерімен достық байланыстарды ұлғайту идеяларының рухында тәрбиелеп келді және тәрбиелеуде. Пролетарлық интернационализм барлық коммунистік партиялардың стратегиясы мен тактикасының негізіне алынған. Ол жұмысшы табының буржуазиялық ұлтшылдыққа қарсы күрестегі ең сенімді құралы болып табылады. Адамзаттың даму тарихында жаңа дәуір ашып берген Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісі нәтижесінде Россияда таптық езушіліктің ғана емес, сонымен бірге ұлттық езушіліктің де негіздері түбірімен талқандалды. Бұрын бұғауда болған халықтар ұлттық еркін дамуға право алды, олардың алдында шаруашылық пен мәдениет жағынан көркеюдің кең және шексіз мол мүмкіндіктеріне жол ашылды.

Бірақ, патша самодержавиесі халықтар арасындағы ұлттық алалық пен араздықты бізге мұра етіп қалдырды, мұндай алалық пен араздық қанаушы таптардың мүдделері үшін таратылып, өршітілін келген болатын. Еліміздің ұлттары арасында өзара дұрыс қатынас орнату туралы мәселенің аса маңызды екендігі осыдан барып туды.

Ленин мен Сталин қол қойған «Россия халықтары праволарының Декларациясы» —осы тарихи документ ұлттық шектеулер мен артықшылықтардың бәрін бұзып, барлық халықтардың теңдігін және олардың ерікті дамуы мен өсуінің кеңінен жол ашатындығын жариялады. Бұл Декларация Ленин партиясының ұлттық мәселе туралы ленинизм принциптерінің негізінде жасалды. Ленин партиясы ұлттық мәселенің шешілуінде ерекше ынта-жігер салды. Ленин партиясы ұлттық мәселенің шешілуінде ерекше ынта-жігер салды. Ленин партиясы ұлттық мәселенің шешілуінде ерекше ынта-жігер салды.

дық өсіпін шығып, дербес мемлекет құруға дейін өзін-өзі билеуге толық праволы екенін жариялады. Халық Комиссарлар Советі арнаулы үндеу жазып, Россия мен Шығыстың барлық еңбекші мусылмандарын өз тұрмысын еркін және бөгетсіз орнатуға шақырды, бұл право «революция мен оның органдарының бүкіл қуатымен» мұлтіксіз қорғалатын болады, деп оларға уәде берді.

Біздің мемлекет құрылысының әуел баста-ақ Совет үкметінің осы шараларының жүзеге асырылуы еліміздің мекендеген халықтар арасындағы дұшпандық қатынастар мен сенбеушілікті біржолата жойды. Бұрын езілген халықтардың бәрі орыс халқынан өзін азат ету жолындағы бірлескен күресте досы, жолдасы екенін көрді. Жас совет республикасын туншықтырып, ескі тәртіптерді қалпына келтіруге тырысқан жаулар талқандалды. Мұның өзі коммунистік партияның ұлт саясатының ірі жеңісі болды, осы жеңістің арқасында партия барлық ұлттардың еңбекшілерін совет өкметі үшін, Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңістері үшін жанаямай күресуге аттандырды.

Шетелдік интервенттер мен ішкі контрреволюцияны талқандап, совет республикасының халықтары социалистік құрылысқа кірісті. Бірақ, ең алдымен Ұлы Октябрьдің жеңісі нәтижесінде бұрынғы патша империясының территориясында құрылған барлық ұлт республикаларының экономикалық қорларын біріктіру қажет болды. Бұл қажеттілік халықтар арасында тарихи қалыптасқан еңбек бөлуден және елдің шаруашылық қорларының империалистік және азамат соғыстарының ауыр зардаптары салдарынан мейлінше сарқылуынан туды. Мынаны айтсақ та жеткілікті: елдің ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 1920 жылы соғысқа дейінгі өнімнің небәрі жартысындай ғана, ал ірі өнеркәсіптің өнімі соғысқа дейін шығарылған өнімнен жеті есе кем болды. 1921 жылы қорытылған шойын соғысқа дейінгі өндірістің небәрі үш процентіндей ғана болды.

Зорлықтың күшімен орнатылған көп ұлтты мемлекеттерді ішкі қайшылықтар жегідей жеп, алғашқы елеулі сындардың өзінде- ақ ыдаған кететіндігін тарих дәлелдейді. Мысалы, Австро-Венгрияның, Патшалық Россияның тағдыры осылай болды, 1939 жылы Польшаның тағдыры да осылай болды. Кәзір Франция мен Британияның отарлық империяларында да осылай болып жатыр. Ал, интернационализм принципіне, ұлттың толық теңділігі мен еріктілік принципіне негізделген Советтік Социалистік Республикалар Одағы күннен-күнге нығайып келеді. Егер 1922 жылы ССРО-ға төрт республика біріккен болса, кәзіргі уақытта Совет Одағының құрамында 16 одактас республика бар.

* * *

ССРО халықтарының мызғымас достығы мен тығыз туысқандық ынтымағы негізінде Совет мемлекеті дүние жүзіндегі ең қуатты мемлекетке айналды. Бұл, әсресе, Ұлы Отан соғысы жылдарында ерекше айқын көрінді.

...ССРО-ның бірінші Конституциясы қабылданған кезге дейін елде 1868 мын

Ұлы орыс халқының туысқандық көмегі арқасында ұлттар арасындағы теңсіздік өлдекашан жойылды.

Партия мен Совет үкметі біздің мемлекеттің тарихының алғашқы күндерінен бастап ұлт аймақтарының қайта көркеюіне іс жүзінде көмектесе бастады. Күшті қаржыландырудың көмегімен ұлт республикаларында экономика мен мәдениетті мегұрлым жоғары қарқынмен өркендету қамтамасыз етілді. Мысал мынадай, егер ССРО ауыр өнеркәсібінің жалпы өнімі 1913 жылдан 1940 жылға дейін 10,9 есе артқан болса, осы уақыттың ішінде ол Қазақ ССР-де —22,2 есе, Армян ССР-де —22,3 Грузин ССР-де —26,4, Қырғыз ССР-де—160 және Тәжік ССР-де — 242 есе артты. Орта Азия мен Закавказье республикаларында қуатты индустриялық орталықтар құрылды.

Көптеген халықтар тұңғыш рет өздерінің дербес мемлекеттерін құрды. 40-қа жуық халық совет өкметі тұсында өзінің жазуын жасады. Егер революцияға дейін бүкіл Орта Азияда 8 техникум ғана болып, бірде-бір жоғары оқу орны болмаған болса, 1940 жылға дейін Орта Азия республикаларында техникумдар мен басқа орта дәрежелі арнаулы оқу орындарының саны 311-ге жетті. Бұларда 60 мың адам, яғный 1914 жылы бүкіл патшалық Россиядағыдан 2 есе дерлік артық адам оқыды. Орта Азия республикаларында кәзір 89 жоғары оқу орны бар, оларда 115 мыңнан аса адам оқыйды.

Барлық ұлт республикаларында жалпыға бірдей жетіжылдық оқу енгізіліп, жалпыға бірдей орта білім алу ісі жүргізіле бастады. Мысалы, Өзбекстанда революцияға дейін 250 тұрғын халыққа бір мұғалім келген болса, кәзір әрбір бесінші адам оқыйды. Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін сауатты адамның саны тіпті бірен-саран ғана болған Түркменстанда кәзір 1224 мектеп, 6 жоғары оқу орны және ондаған техникум жұмыс істейді. Республиканың әртүрлі оқу орындарында барлығы 232 мың адам оқыйды.

ССРО халықтарының туысқандық семьясында Советтік Прибалтика республикаларының еңбекшілері шаруашылығы мен мәдениетін өркендетуде үздік табыстарға жетті. ССРО құрамына кіргенге дейін Литва жыйырма жыл бойы буржуазиялық мемлекет болды. Оның өнеркәсібінде кәбінесе нашар механикаландырылған ұсақ кәсіпорындар болған еді.

Советтік Литва кәзір мүлде басқаша болып отыр. Гитлершілдер оның өнеркәсібін түп орнымен талқандап, жабдықтарды Германияға алып кеткеніне қарамастан, Литван ССР-і басқа совет республикаларының туысқандық қалтқысыз көмегі арқасында өз шаруашылығын жедел қалпына келтірді. 1952 жылдың өзінде республика өнеркәсін өндірісінің соғыстан бұрынғы дәрежесінен 2,5 есе асып түсті. Литван халқының мәдениет саласындағы табыстары да осындай тамаша. 1953 жылдың өзінде ғана республиканың жоғары оқу орындары 2300 жас маман даярлап шығарды, бұл —буржуазиялық Литванның өмір сүрген бүкіл 20 жылының ішінде даярлаған мамандарынан артық.

ның достығын қасиеттен қорғап, бұл достықты өлшеретуге тырысқан барлық және кандай да болса жаулары аяусыз талқандап келеді. Партия ССРО халықтарының достығы мен туысқандық ынтымағы бар тұрғанда, Совет Одағына ешкандай жаулар қорқынышты емес деген, тарих қуатпен берген бұлжымас фактіге сүйенеді. Ұлт саясатын жүргізуде лениндік-сталиндік принциптерден тіптей де болса ауа жайылушылыққа қарсы күресе отырып, партия совет адамдарын пролетарлық интернационализм рухында, барлық ұлттар мен нәсілдердің бірін-бірі құрметтеуіне, суверенитетіне және теңдік принципіне негізделген халықтар достығы рухында тәрбиелеп келеді. Партия халықты өзінің советтік отанына шексіз берілгендік рухында, советтік патриотизм рухында тәрбиелеп келеді, ал советтік патриотизмнің күші, Сталин жолдастың көрсеткеніндей, «...нәсілдік немесе ұлтшылдық сөкыр сенімге негізделмей, халықтың өзінің Советтік Отанына шын берілгендігіне, адалдығына, еліміздің барлық ұлттары еңбекшілерінің туысқандық ынтымағына негізделуінде. Советтік патриотизмде халықтардың ұлттық дәстүрлері мен Совет Одағының барлық еңбекшілерінің өздеріне ортақ тұрмыс мүддесі жарастылықпен ұштасып отырады. Советтік патриотизм еліміздің барлық ұлттары мен халықтарын ажырастырмайды, қайта, мұның керісінше, біртұтас туысқан семья етіп топтастырады. Совет Одағы халықтарының барған сайын нығайып отырған мызғымас берік достығының негіздері осы деп білу керек».

Елімізде орнықкан халықтар достығының идеологиясының орасан зор халық аралық маңызы бар. ССРО мен халықтық демократия елдері халықтарының түрі ұлттық, мазмуны социалистік мәдениеттерін тарихта болып көрмеген дәрежеде көркейтуді қамтамасыз еткен лениндік-сталиндік ұлтсаясаты, бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік және халықтар достығы үшін жүргізілін жатқан қажырлы күрес империализм идеологтерінің адамды жек көретін, нәсілшілдік саясатын бүкіл дүние жүзі алдында әшкелеп, империалистік реакция мен соғыс өртін тұтандырушыларға қарсы, бейбітшілік пен демократия үшін күресін жатқан халықтар арасындағы бейбітшілік пен достық саясатын дәйектіліпмен жүзеге асыруы Совет Одағына бүкіл дүние жүзіндегі еңбекшілердің тілектестік сезімін тудыруда.

Коммунистік партия пролетарлық интернационализм принциптерін дәйектілікпен жүзеге асыру үшін тынбастан күрес жүргізе отырып, ССРО халықтарын біртұтас туысқан семьяға топтастырғанын орынды мақтан етеді. Коммунистік құрылыстың аса маңызды мәселелерін шеше отырып, совет адамдарының материалдық және мәдени тұрмыс дәрежесін үздіксіз артыру үшін күресе отырып, партия көп ұлтты социалистік мемлекетті онан әрі берік ету және Советтік державаның қуаттылығының тірегі, оның коммунизмге қарай жеңіспен алға басуында табыстарға жетуінің қайнар бұлағы —еліміздің халықтарының бірлігі мен достығын барынша нығайтып отыру қажеттігін үстіүстіне атап көрсетуде.

халықтың үлкен сен отырған материалдық және мәдени керектерін барынша толық қанағаттандыруды қамтамасыз етуге күн сайын назар аударып отыр. Халықтың өсіп отырған қажеттерін қамтамасыз етудегі негізгі міндеттердің бірі мал басын көбейту, оның өнімділігін арттыра беру болып табылады. Бұл міндетті ойдағыдай шешу халық үшін азық-түлік, жеңіл өнеркәсіп үшін шикізат молшылығын жасауға мүмкіндік береді.

Елімізде жыл сайын жүргізілетін Бүкілодақтық мал санағы аса зор саяси шаруашылық маңызы бар іс. Мал санағын жүргізу, мал басын өсіру жөніндегі жоспардың орындалу барысы жайында анық мәлімет береді: мал басын өсіру, оның өнімділігін арттырудағы кемшіліктерді ашып, бұл кемшіліктерді жоюға партия, совет және ауылшаруашылық орындарының деркезінде күш жұмыдыруына мүмкіндік жасайды.

Мал санағы барлық колхоздар мен совхоздардағы қоғамдық малдардың барлық түлігіне, жеке шаруалардың, колхозшылардың, жұмысшылар мен қызметшілердің меншігіндегі малдарға жүргізіледі. Санақты дұрыс жүргізу зор жауапкершілікті талап еді. Сондықтан, колхоздардың, совхоздардың, басқа да мал иеленуші шаруашылықтардың басшылары тізімдеу комиссияларының жұмысына нақтылы көмек көрсетулері керек.

Әсресе, колхоздарда бухгалтерлік есеп кітапшалары, колхоз фермаларында өндірістік- зоотехникалық документтер қайта тексеріліп, дұрысталуы қажет. Әрбір бас малдың кірісі мен шығысы жөніндегі до-

цыдалатын малдар түгелімен контрактациядан алынып, фермаларға берілуге тиіс. Әрбір малдың белгі сыртасы (биркасы), инвентарлық нөмірлері болуы шарт. Мұндай жұмыстардың жүргізілмеуі, немесе жеткіліксіз, үстірт жүргізілуі мал санағын өткізуді қыйындататыны, тіпті, санақты қате жүргізуге әкеп соғатынын естен шығаруға болмайды.

Санақтың әйдағыдай жүргізілуі бұл жұмысқа бөлінген адамдардың іскерлігіне байланысты. Сондықтан партия, совет және ауылшаруашылық орындары ССРО Орталық Санақ Басқармасының мал санағын жүргізу жөніндегі инспекторына көмектесуге сауатты, қолынан іс келетін адамдарды бөлуге міндетті.

Санақ жүргізудің қорытындысы —облысымызда 1953 жылдың өткен 9 айы ішінде мал өсіру жөніндегі жұмыстарымыздың қорытындысы болмақ. Мұның өзі малға алдын-ала тыңғылықты есеп жүргізумен бірге, қоғамдық мал басын өсіру, мал шаруашылығы өнімдерін дайындау жоспарларының орындалуын көздеп, колхоздар мен совхоздарда мал сатып алу, малға жемшөп, жылы қоралар әзірлеу жұмыстарымен ұштастыра жүргізуді талап етеді.

Кәзір облысымызда мал санағы жүріп жатыр. Партия, совет ұйымдары ауылшаруашылық орындары мал санағына ерекше көңіл бөліп, бұл маңызды науқанды ұйымшылдықпен жүргізуге жағдай жасаулары керек.

О. БЕЛЯЕВ,

Облыстық санақ басқармасының бастығы.

мен соңғы уақытта ілеспала болған жаңжалдарды өздерін соғыс тұтқындары деп көрсететін лисынманшыл және гоминданшыл агенттердің ұйымдастырғандығы анықталып отыр.

Индия әскерлері қолға түсірген лисынманшыл агенттердің өзара жазысқан хаттарынан агенттердің баскесерлерінің бірі —Мун Жун Хэ барлық секторларда «кісі өлтіргіш отрядтарын» жасақтауды бұйырған, әрбір отряд 10 адамнан құралып, олар екінші октябрь күні таңертеңгі сағат 8-де Индия сақшыларына бас салып, соғыс тұтқындарының «жаппай қашуын» ұйымдастыруға міндетті болған.

— — —

ИРАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ ЖАИЫНДА

ПАРИЖ, 4 октябрь. (СОТА). Франс Пресс агенттігі тілшісінің Тегераннан берген хабарына қарағанда, соғыс прокуратурасының бүгін жарияланған мазмұндамасында заңнан тысқары деп жарияланған Иранның халық партиясына қатысы барлар өлім жазасымен жазаланады делінген.

ПАРИЖ, 4 октябрь. (СОТА). Франс Пресс агенттігінің тілшісі Тегераннан мынаны хабарлады:

Бүгін мәлім болғанындай, бұрынғы премьер-министр Мосаддық пен Иран армиясының бас штабының бұрынғы бастығы генерал Рияхидің ісі жөніндегі айыптау қорытындысы айыптылардың екеуіне де өлім жазасын шығаруды талап етеді.

Редактордың орынбасары
Ғ. НҰРМОЛДИН.

Ұйымдасқан түрде жұмысшылар алатын бөлім Свердлов, Молотов, Челябі, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан облыстарының кәсіпорындары мен құрылыстарында істеу үшін жұмысшылар қабылдайды.

Бір, немесе екі жыл мерзімге шарт жасасқан жұмысшыларға 150 сомнан 1000 сомға дейін қайтып алынбайтын көмек және жолына 10—15 сом төуліктік ақы беріледі.

Өзі және семья мүшелері жұмыс істейтін жерге тегін жеткізіледі. Барған жерде жұмысшылар жақсы жабдықталған жатақханалар және пәтерлермен қамтамасыз етіледі.

Жұмысқа кіремін деушілердің: Петропавл қаласында —Папанин көшесі, 98-үйге, (Телефон № 5-97), селолық жерлерде—аудандық Советтердің атқару комитетіндегі өкілдерге келіп шарт жасасуларына болады.

Табыннан 7 жасар бие және 6 жасар торы ат жоғалды. Көрген-білгендер болса Петропавл қаласындағы 3-милиция бөлімшесіне хабарлауын сұраймыз.

№ 20 қолөнер училищесіне жоғары білімі бар ұста және электрмен мыс балқыту, слесарьлық іс, электротехника жөніндегі орта техникалық білімі бар мұғалімдер КЕРЕК.

Адрес: Петропавл қаласы, Пушкин көшесі, 80-үй.

№ 11 Марьевка аптекасының мөрі жоғалды. Бұдан былай бұл мөр қойып расталған документтер анық деп есептелмесін.

«Молот» артелі еңбекшілерден, сол сыяқты, шаруашылық және құрылыс ұйымдарынан самовар турбасын, печь духовкасын, өрт сөндіретін шелектер, құрылыс бекіткіштерін, балталар, пұттық шелектер, астық жыйнағыш плицалар, көмір сөндіргіштер, жерге төсейтін қаңылтырлар, май құятын шелектер, астаулар және тағы да басқа шаруашылыққа қажетті заттар мен бұйымдар жасауға, сонымен бірге үй және шаруашылық заттарын жөндеуге заказдар қабылдайды.

Жұмыс уақытында келіп мына адреске сөйлесуге болады: Ленин көшесі, 33 үй, телефон 4-07, қалалық коммутатор арқылы. Қақпа Папанин көшесі жағында.

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ЖҰЛДЫЗ»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ПОЛК ҚЫЗЫ»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

Петропавл қаласы, Сибирь көшесі, 63-үйде тұрушы Григорий Александрович Хуторный Петропавл қаласы, Ленин град көшесі, 52-үйде тұрушы Ефросинья Ефимовна Хуторнаядан айрылысатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласындағы 3-участоктік халық сотында қаралады.

Петропавл қаласы, Пушкин көшесі, 113-үйде тұрушы Николай Архипович Яковлев Петропавл қаласы, Володарский көшесі, 11-үйде тұрушы Роза Ивановна Яковлевадан айрылысатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласындағы 5-участоктік халық сотында қаралады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретариат—1-33, партия бөлімі —0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері —2-36, тілшілер бөлімі—3-39, корректорлар бюросы —4-39, Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02024 — **Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің № 18 Жоғарғы баспасының баспаханасы. Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21-үй.**